

**«Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының өндірістік кеңесінің
хаттамасы №1**

29.09.2023 ж

Қатысқандар саны- 11

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелері мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекіту.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту

1.Тыңдалды Орталық меңгерушісі А.Сеитжан қызметкерлерді Ішкі еңбек тәртіп ережелермен таныстырды.Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес бағытталған. Жұмысқа қабылдау және босату кезінде екі тараптан жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын және техника қауіпсіздік ережелерін білуі керек. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адал жұмыс істеу, белгіленген мерзімінде медициналық байқаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзғанда берілетін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралар қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Орталық әдіскері А.Сеитжан тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сөз етіп, орындауымыз керек деп ойлайтынын айтты. Барлығы өз пікірлерін ортаға салып, бірауыздан мақұлдады.

Сонымен бірге орталық меңгерушісі А.Сеитжан қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Әрбір қызметкерге лауазымдық міндеттері жазылған парақшалары таратылып беріліп, орындау керек екенін айтты. Орталық қызметкерлері өздеріне қойылған лауазымдық міндеттерімен танысып, толық орындайтындықтарын , әсіресе, балалардың өмірі үшін жауап беретіндіктерін терең сезінетіндіктерін айтты.

Орталық меңгерушісі мейірбикенің өз міндеттерін орындауда барлық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы керектігін,тәрбиешілер мейірбикелермен бірлесе отырып, сауықтыру шараларын жүргізеді, баланың денсаулығын дамытатын ең негізгісі баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін ескертті Сондықтан

барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін бұлжытпай орындауы тиіс екенін айтты.

Қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен толық танысып, қолдарын қойды.

2.Тыңдалды Орталық меңгерушісі А.Сеитжан «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау» жүргізді. Ата-аналар бізге өмірлерінің ең қымбатты байлығы балаларын сеніп тапсырған соң біз олардың өміріне, денсаулығына жауаптымыз. Балаларды қадағалаусыз қалдырмау және қауіпсіздік ережелерін біліп сақтауымыз керектігін айта келе қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы нұсқаулықты тарапып, таныстырып өтті.

Орталық қызметкерлері танысып, толық орындауға уәде берді.

3.Тыңдалды: Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы жөнінде орталық меңгерушісі баланың дұрыс тамақтанудың ұйымдастырылуы, оның денсаулығына зор ықпалын тигізетінін сол себепті толыққанды тамақтану рационын құру, құрамында пайдалы дәрумендер мен минералдарға бай әртүрлі тағамдарды қолдану тсс.мәселелерді түсіндірді.

Сондай ақ ақуыздар мен майлардың көп бөлігін балалар түс кезінде алады. Майлар мен ақуыздар өсіп келе жатқан ағзаның құрылыс материалы болып табылады. Ағзаға ақуыз жетпеген жағдайда бойдың өсуі мен дамуы баяулайды, иммунитет төмендейді, ақыл-ой жұмысы нашарлайды. Сондықтан да, ақуыз мектеп жасына дейінгі баланың тағамына енгізіліп отыруы қажет. Тағамның әр түрлі болғаны маңызды, сол ғана оның пайдасын арттыратынын айтып, мейірбикеге 10 күндік ас мәзірін құруды тапсырды.

4.Тыңдалды: Орталық есепшісі қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту үшін комиссия құрылып, бекітілген штат кестесімен таныстырды қызметкерлер комиссия құрамына толық сенетіндіктерін айтып, келісім берді.

Шешімі:

- 1.Орталықтың қызметкерлері ішкі еңбек тәртібі ережесі таныстырылсын, қатаң сақталсын.
- 2.Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілсін.
- 3.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы таныстырылсын, нұсқаулық ережелері толыққанды орындалсын.
4. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы үшін 10 күндік ас мәзірі құрылсын, дұрыс тамақтандыру ісі қадағалансын. Медбикеге жауапкершілік жүктелсін.
5. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесі бекітілсін.

Кеңес төрайымы:
Хатшысы:



А.Сеитжан
З.Нарходжаева